



# SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igitan01@mail.ru • №23 (9577) 7 маусым 2024 ж.

**Ж**ыл сайын еліміз 31 мамыр күні саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алады. XX ғасырдағы осынау ең алапат сұмдықта халқымыз миллиондап қырылды, атылды, айдалды, қуғын-сүргінге ұшырады. Аштық тақырыбын көп жылдар зерттеген белгілі жазушы Смағұл Елубай ағамыз: «Қазақстанды большевиктер басқарған 15 жыл ішінде, үш аштық салдарынан 3,5 миллионнан астам қазақ қырылды. Нақақтан нақақ. Иманы үйірілмей, жаназасы оқылмай, сүйегі ен далада шашылып қалды» деп дерек береді. Ашаршылық – сол кездегі қазақтың тең жартысын жалмаған ұлттың ұлы қасіреті. Тіпті екінші дүниежүзілік соғыста халқымыз мұншалықты көп қырылмаған. Және ең сұмдығы осынау апаттың қолдан жасалғандығы, белгілі бір ұлтты жоюға бағытталғандығында. Тарихымыздағы бізге белгілі ашаршылықтың салдарынан демографиямыз әлі күнге оңалмай келе жатқандығы ащы шындық. Бұл мәңгі жазылмас жарамыз болып қала берері сөзсіз.

Атаулы күні Мұхамеджан Тынышбаев атындағы орталық алаңда жұртшылық осынау ұлттық қасіретті жылдарды еске алып, құрбандарына үнсіз тағзым етті. Тағзым ету шарасында аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов ел тарихындағы ең азалы кезең туралы сөз сөйлеп, келешек ұрпақ саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының



## ҰЛТ ҚАСІРЕТІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтайтындығымызды жеткізді. Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбеков қабырғамызды қақыратып, іргемізді сөккен қаралы жылдардың себебі

мен салдарын өз сөзіне арқау етсе, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Жомарт Игіман көңіл тебіренісін өлеңмен жеткізді. Сарқан аудандық орталық мешітінің найб имамы Қызырбек Оразбек құрбандардың

рухына құран бағыштады. Бұдан соң жиналғандар Мұхамеджан Тынышбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, өткенге құрмет көрсетті.

Партия ЖЕҢІСХАН.

## Бақытты балалық шақ

**1 маусым – еліміздің балалары үшін ерекше күн. Бұл мерекенің ұзақ тарихы бар әрі балалар үшін жылдың ең сүйікті және күтілетін күндерінің бірі болып табылады. Балаларды қорғау күнінің пайда болу тарихына тоқталсақ, 1925 жылы Женевада Ұлттар Лигасы ұйымдастырған Халықаралық балалар конференциясында бастау алды. Конференция барысында Балаларды қорғау күнін белгілеу туралы шешім қабылданды. Бұл күн бүкіл әлемдегі балалар құқығын қорғаудың символына айналуы керек еді.**

Бастапқыда Балаларды қорғау күні әртүрлі елдерде әртүрлі уақытта атап өтілді. Бірақ 1950 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы 1 маусымды Халықаралық балаларды қорғау күні деп белгіледі. Бұл мерекені біркелкі ету және оның халықаралық мереке ретіндегі маңыздылығын күшейту үшін жасалды.

Содан бері жыл сайын 1 маусым әлемнің әртүрлі елдерінде балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға арналған іс-шаралар өткізілетін дәстүрлі күнге айналды.

Жуырда аудандық ба-

лалар шығармашылық үйінің ұйымдастыруымен орталықтағы «Жастар» саябағында «Бақытты балалық шақ» атты жаздың бірінші күнімен тұспа-тұс келген мерекелік шара өткізілді. Көгілдір аспан мол шуағын төгіп, мейрамға жиналған жұрттың қарасы мол болды. Мерекелік шарада «Нұр шашу», «Грация», «Наз», «Шахиназ», «Көзмоншақ» би топтары өздерінің мың бұралған биімен балғын көрермендер мен олардың ата-аналарын тәнті етсе, ал «Балауса», «Звездочки», «Квинта» вокалды топтары әуелете ән салды. Ақын Сара атындағы орта мектебінің

дуэті тамылжыта күй тартып, Н.Тоқтасын «Қазағым», Д.Қанат «Менің елім» әндерімен көрермендердің көңілінен шықты.

Сондай-ақ шара барысында аудандағы кәсіпкерлердің демеушілігімен балдырғандарға тәттілер үлестіріліп, «Жанұя» отбасын қолдау орталығының маңында асфальтқа сурет те салынды. Аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығының ұйымдастыруымен эстафеталық ойындар өткізіліп, тартысты өткен сайыс қорытындысында Ақын Сара атындағы орта мектебі I мен II орынға ие болса, III орынды Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебі қанағат тұтты.

Өз тілшіміз.



# Мемлекеттік рәміздер дәріптелді



Мемлекеттік рәміздер — елдің ұлттық болмысын, дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытатын белгі. Елімізде Мемлекеттік рәміздер күні 2007 жылдан бері тойланып келеді. Конституциялық заңмен бекітілген мемлекеттік рәміздер еліміздің айрықша белгілері болып табылады. Мемлекетіміздің мемлекеттік рәміздері 1992 жылы 4 маусымда қабылданды. Олардың қатарында Ту, Елтаңба және Әнұран бар.

4 маусым күні ауданымызда арнайы автошеру ұйымдастырылып, көк туды қадап алған темір тұлпарлар көшелерді жүріп өтті. Оларға орта жолдан велошабандоздар, салт аттылар да қосылды. Сарқан қаласына кіре берістен басталған шеру орталық алаңға ат басын тіреді.

Шерушілерді жиылған қала тұрғындары ыстық ықыласпен көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды. Мемлекеттік рәміздерді дәріптеу орталық алаңда жалғасын тапты. Алаң ортасына Мемлекеттік ту және елтаңба ортаға шығарылып, жиылған жұртшылық қолдарын кеуделеріне қойып әнұранды қосыла шырқады. Сондай-ақ, шара барысында аудандық мәдениет үйі өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама әуелеген ән мен ұлттық көйлек киген «Көзайым» бишілер тобының мың бұралған биіне құралып, жиылған жұрттың патриоттық рухын көтерді.

**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**

# Табиғи апатқа әрқашан ғайын болайық

Бөрлітөбе орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі, орман қоры жерлерін өрттен қорғау үшін өртке қарсы іс-шаралар ұйымдастыру мақсатында Жетісу облысы әкімдігінің 30 қыркүйек 2022 жылғы №62 қаулысында Жетісу облысы аумағындағы дала, тау, орман мен тау-орман және шалғайдағы елді-мекендеріндегі өрттерді сөндіру 2022-2027 жылдарға әрекеттестік жасау жоспарына сәйкес және Жетісу облысы әкімінің бірінші орынбасары – төтенше жағдайларды алдын алу және жою жөніндегі облыстық комиссия төрағасының орынбасары Ә.Жақанбаевтың, «Өрт - 2024» Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру нұсқаулықтарын басшылыққа алып, мекеменің ормандағы өрт сөндіру станциясының қызметкерлерінің орман, дала өрттерін сөндірудегі үйлесімдігін арттыру үшін 15 мамыр күні, Лепсі ауылындағы №16 өрт сөндіру бекетінің қызметкерлері және Лепсі әкімшілігінде ұйымдастырылған ерікті өрт сөндіру жасақшылары мен және Лепсі ауылдық округіндегі полиция бөлімшесінің учаскелік инспекторы бірлесе орман қоры жерлерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өрт сөндіру қызметінің жұмысын жетілдіру үшін өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді. Лепсі ауылдық округінің жерінде көлемі 0,3 гектардай болатын жапырылған қамыс, құрай, қоға тектес шөптесін өсімдіктер өртелді. Оқу жаттығуға Бөрлітөбе орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 15 адам, 1 дана трактор МТЗ-82,1 су бөшкесімен, 1 дана ГАЗ-66 АЦЛ өрт сөндіру автокөлігі және 2 дана Нива автокөлігі, 1 дана УАЗ-390902 автокөлігі, 1 дана JAC автокөлігі қатысты. Лепсі ауылында орналасқан №16 ӘСБ-нен 5 адам жеке құрамы, АЦ-40 ЗИЛ-131 өрт сөндіру автокөлігі, 1 дана УАЗ-22069 автокөлігі қатысты. Лепсі ауылдық әкімшілігінен өртке қарсы жасақшы тобынан 3 адам өртке қарсы құрал-жабдықтарымен қатысты және полиция бөлімшесінің 1 адам қызметтік Нива автокөлігімен қатысты.



Өрт сөндірушілер шұғыл да ширақ қимылдады. Өрт толық сөндірілді. Мамандар тактикалық оқу-жаттығуды жоғары деңгейде өтті деп баға берді. Орман шаруашылығының қызметкерлері өрт жағдайы және басқа да түрлі табиғи апаттарға әрқашан дайындықта.

**Е. БАРЛЫҚБАЕВ,**  
Бөрлітөбе орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас инженері.

## Кеселмен күрес - басты мақсатымыз

Бүгінгі таңда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы басымдықтар оның алдын алу жағына ауысты және оған қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстың басымдықтары қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталуда. Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауларында жарияланып отырады. Жолдауларда құқық қорғау жүйесін оңтайландыру, азаматтардың құқықтары мен мемлекеттің мүдделерін қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күресті қамтамасыз ету жағына ауыстыру жолымен оның қызметінің тиімділігін арттыру саласындағы негізгі басымдықтар айқындалғандай. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Осы заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізгі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Сондықтан, бұл құбылысқа қарсы тұру үшін азаматтық күш-жігерді біріктіру керек. Тек сонда ғана біз бәсеке барынша қабілетті мемлекеттердің қатарында боламыз.

**Г.ОРЫНОВА,**  
Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.

## Мемлекеттік қызмет

### Талап - заңнаманы сақтау


Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруды бақылау бойынша құрылған арнайы талдау тобы 2024 жылдың мамыр айының 21-22 күндері аралығында Сарқан ауданы жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы заңнаманы сақтау бойынша арналған ішкі мемлекеттік бақылау іс-шараларының 2024 жылғы жоспарына сәйкес, Сарқан қаласындағы Сарқан «Нұр» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Жетісу облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Сарқан политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Сарқан көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Сенім» Сарқан күндізгі болу орталығы және Сарқан ауданының мансап орталығында орналасқан әлеуметтік нысандардағы мүгедектігі бар жандарға мемлекеттік қызметті алуы кезіндегі ыңғайлы әрі кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету барысына тексеру жұмыстарын жүргізді.

Шара барысында әдістемелік көмектер көрсетіліп, анықталған кемшіліктерді ретке келтіру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

### Ыңғайлы әрі кедергісіз қызмет

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруды бақылау бойынша құрылған арнайы талдау тобы 2024 жылдың мамыр айының 27 күні Сарқан ауданы жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы заңнаманы сақтау бойынша арналған ішкі мемлекеттік бақылау іс-шараларының 2024 жылғы жоспарына сәйкес, Сарқан қаласындағы «Сарқан ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; «Сарқан аудандық білім бөлімінің Бірлік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде орналасқан әлеуметтік нысандардағы мүгедектігі бар жандарға мемлекеттік қызметті алуы кезіндегі ыңғайлы әрі кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету барысына тексеру жұмыстарын жүргізді.

Шара барысында әдістемелік көмектер көрсетіліп, анықталған кемшіліктерді ретке келтіру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



## "Қызмет-лайф" жобасы

2024 жылдың 30 мамыр күні «Қызмет лайф» жобасы аясында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы тікелей эфир өткізіліп, Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Н.Адилова жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар саласы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратымен және 2024 жылдың 5 айында атқарылған жұмыс қорытындысын баяндады.

**Сарқан ауданы өкімі аппаратының қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесі.**

# САҚТАНДЫРУ МӘРТЕБЕСІНЕ ҚАРАМАСТАН ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ТЕГІН АЛУҒА БОЛАДЫ?

Кез-келген азамат МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне (ТМККК) құқылы.

Оған мыналар кіреді:

1. Жедел медициналық көмек (оның ішінде медициналық авиация)
2. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек
3. созылмалы және әлеуметтік маңызы бар аурулары бар пациенттерді динамикалық байқау
4. шұғыл медициналық көмек
5. созылмалы және әлеуметтік маңызы бар аурулар кезінде күндізгі, тәулік бойы және үйдегі стационарда медициналық көмек
6. Паллиативті көмек;
7. туберкулез кезінде оңалту және 1 кезеңді оңалту
8. донорлық
9. дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және т. б.

ТМККК ҚР Конституциясында айқындалған және Қазақстанда тұруға ықтиярхаты бар барлық азаматтар мен белгілі себептермен уақытша келген шетелдіктерге беріледі. Сонымен, ТМККК алушыларды көлеміне қарай бірнеше топқа бөлуге болады:

- ҚР азаматтары және тұруға ықтиярхаты бар шетелдіктер. ҚР халқының бұл тобы ТМККК-ны толық көлемде алады;
- азаматтығы еліне қарамастан, айналасындағыларға қауіп төндіретін ауру анықталған ҚР-да уақытша болатын шетелдіктер. Олар аурулар тізімі бойынша медициналық көмек алады (ДСӘДМ №121 бұйрығы);
- уақытша болатын шетелдіктер, ҚР ратификациялаған халықаралық келісімдер жасалған елдердің азаматтары. Бүгінгі таңда осындай екі келісім бар, олар ЕАЭО туралы шарт және ТМД елдері арасындағы Келісім, олар бойын-



ша қатысушы елдердің азаматтарына шұғыл және шұғыл медициналық көмек көрсетіледі.

Айта кетейік, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек пакеті ҚР азаматтарына, тұруға ықтиярхаты бар шетелдіктерге және ЕАЭО шартына қатысушы елдерден

уақытша келетін шетелдіктерге-еңбекші көшіп – қонушыларға және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне беріледі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиал.

## Денсаулық

### Адам папиллома вирусына қарсы вакцинация

Қазақстанда 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап қыздарды адам папилломавирусына (АПВ) қарсы вакцинациялау жүргізіледі.

Адам папилломавирусы (АПВ) – тері мен шырышты қабаттардың эпителийіне әсер ететін өте кең таралған вирустар тобы. Оның 14 түрі онкогенді, яғни онкологиялық аурулардың дамуына әкеледі.

Көптеген адамдарды АПВ алаңдатпайды, бірақ кейбір папилломавирустар сүйелдерге немесе қатерлі ісікке әкелуі мүмкін.

Жатыр мойны обырының дамуы әйелдің адам папилломавирусын жұқтыруымен байланысты, бұл туралы көптеген ғылыми дәлелдер бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, 95% - дан астам жағдайда жатыр мойны обырынан адам папилломавирусы тудырады. Жатыр мойны обырының 70% адам папилломавирусының екі (16 және 18) жоғары онкогенді түрімен шақырылады.

Адам папилломавирусы бар әйелдерде жатыр мойны обырының даму ықтималдығы адам папилломавирусы жоқ әйелдерге қарағанда 6 есе жоғары.

Әлемде жыл сайын 600 мың әйелде жатыр мойны обыры анықталады және одан 340 мың әйел қайтыс болады.

Қазақстанда жыл сайын жатыр мойны обыры диагнозын 1,5-2 мың әйел естиді және жылына 500-ден астам әйел қайтыс болады.

Елімізде жатыр мойны обыры сүт безі обырынан кейінгі әйелдерде онкологиялық аурулардың таралуы бойынша екінші орында тұр.

Папиллома вирусы адамнан адамға тұрмыстық байланыс және жыныстық қатынас арқылы берілуі мүмкін.

Жатыр мойны обырын тудыратын адам папилломавирусы болғандықтан, адам папилломавирусына қарсы екпе алып, жатыр мойны обырының алдын алуға болады.

2024 жылдың 3-тоқсанынан бастап 11 жастан асқан қыздарға вакцинация жүргізу жоспарлануда. Бұл жас ДДҰ, онкологтардың ұсынымдарына сәйкес таңдалған, өйткені 11-14 жаста вакцинация ересек жастағы вакцинация-

мен салыстырғанда неғұрлым тиімді, тұрақты иммунитет қалыптасады. Екпе тек 11 жастағы қыздарға ғана емес 11 жастан асқан 14 жасқа дейінгі қыздарға да жүргізіледі.

Әлемде бұл вакцинаға сұраныс өте жоғары. Бүгінгі таңда 125-тен астам ел ұлттық вакцинация күнтізбесіне осы вакцинацияны енгізді (соның ішінде Австралия, Бельгия, Канада, Германия, Жапония, Бразилия, Жаңа Зеландия, Норвегия, Швеция, Испания, Швейцария, Ұлыбритания және АҚШ). Орталық Азия бойынша көрші елдерде: Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан вакцинацияны енгізген.

Қазақстанда вакцинация 2 кезеңде және ата-аналардың келісімімен ғана жүргізіледі, 2-ші доза 6 айдан кейін салынады.

Денсаулық сақтау министрлігі АҚШ-та жасалған 4-валентті «Гардасил» вакцинасын сатып алуды жоспарлап отыр.

АПВ-ға қарсы алғашқы вакцина 2006 жылы тіркелген. Бұл оның осы уақытқа дейін барлық қажетті клиникалық сынақтардан өткенін білдіреді. Тиімділігі бойынша: Вакцина жатыр мойны обырының ауру қаупін 70-90%, тік ішектің қатерлі ісігімен ауру қаупін 77%, ерлер мен әйелдердің жыныс мүшелерінің қатерлі ісігі даму қаупін шамамен 96-99%-ға төмендетеді.

Вакцинация әдеттегі жоспарлы сияқты жүреді: екпе орнында қызару, ауырсыну және ісіну, сондай-ақ дене қызуының көтерілуі мүмкін. Вакцинацияның ұсынылатын жасы 11-14 жас, препарат алғашқы жыныстық қатынасқа дейін тиімді.

Ең тиімді қорғаныс-вакцинация екенін есте сақтаңыздар. Вакцинамен қорғануға болатын - жалғыз қатерлі ісік – жатыр мойны обыры. Халықаралық тәжірибеде жүзден астам елде, соның ішінде ұлдар арасында адам папилломавирусына қарсы вакцинасы енгізілген. Бұл мемлекеттерде жатыр мойны обыры 90% - ға төмендеді.

**А. ЖАРТЫБАЕВА,**  
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

## Отансүйгіштік

Еліміздегі жастар арасында отансүйгіштік, ұлт және мемлекет мүддесі деген түсініктің қазіргі уақытта елеулі өзгерістерге ұшырағанын ескере отырып, аталған мәселеге байланысты, мемлекеттік қызмет саласында 30 жылдан аса еңбек жасаған азамат ретінде өз ойымды білдіргім келеді.

### Жас ұрпақтың өмір жолының ұстанымы

Аталған мәселеге байланысты түйіндеген пікірім, бүгінгі жастар келешекте өздеріне мемлекеттің, ұлттың болашағы жүктелетіндігін түсінулері қажет.

Қазіргі уақытта жастарымыздың бойында еліне, жеріне, мемлекет болашағына қатысты патриоттық сезімнің бар болғаны және олардың отан сүйгіштік сезімдерінің қаншалықты деңгейде екендігі аға буын өкілдерін толғандырмай қоймайды.

Осы Патриотизм мәселесін көтерген кезде, аға буын өкілдері, ата-аналар, ұстаздар, мемлекеттік органдар қызметшілері, жас ұрпаққа отансүйгіштік сезімді қалыптастыру алдымен отбасы тәрбиесінен басталып, ары қарай мектеп қабырғасынан және жоғары оқу орнынан алған біліммен, тәрбиемен ұштасатындығын ескеруіміз қажет.

Жас адамның ой-өрісіне мемлекет және ұлт мүддесі деген түсінік осы кезде үздіксіз үдеріс ретінде қалыптасып, кейінгі өмір жолының ұстанымы болуы қажет.

Еліміздің жастары деген ұғымға тек қана өз ұлтымыздың өкілдері ғана емес басқа да ұлттардың өкілдері кіретіндігін қоса айтып өтуіміз керек.

Мемлекет назарынан еліміздің көп ұлтты мемлекет болғандықтан, ұлтаралық бірлік мәселесі де тыс қалмауы керек.

Мемлекет тарапынан жүргізілетін ішкі саясатта, басқа да ұлт өкілдерінің еліміздің азаматтары екендігін ескеріп, оларды отансүйгіштік сезімге баулып, ұлтымыздың мүддесіне, еліміздің дамуына өз үлестерін қосулары керек екендігін жеткізуіміз қажет.

Қоғамда мемлекеттік қызметте тек қана өз ұлтымыздың ұл-қыздарын тартып қана қоймай, басқа да ұлттардың жас өкілдерін тартуымыз қажет.

Осы жолмен мемлекет өз тарапынан өзге ұлттардың диаспораларына мемлекеттің ішкі саясатын жеткізіп, ары қарай таралуына ықпалын тигізе алады.

Аталған жол мемлекетіміздегі ұлтаралық келісімге, бірлікке қол жеткізуге тиімді бірден-бір жол болып табылады.

Қазіргі кезде біздің облысымызда мемлекет мүддесін дамытуға өз үлестерін басқа да ұлт өкілдері қосуда.

Халқымыз айтқандай "Жүзі бөлек болса да жүрегі бір, түрі бөлек болса да тілегі бір" - деген сөздің мағынасының патриотизм мәселесіне де қатысты екендігі осылайша білінеді. Атап айтқанда, Ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаментінде 30 жылдан аса қызмет істеп келе жатқан салалық бөлімнің басшысы, өзбек ұлтының өкілі А.Алибердиева, институт қабырғасынан келіп мемлекетке еңбек етіп жүрген кадр бөлімінің бас маманы, шешен халқының өкілі Х.Дебирова және Текелі қаласының статистика бөлімінде жетекші маман лауазымында қызмет жасап жүрген Е.Савицкая да бар.

Егер еліміздің жастары көзі ашық, көкірегі ояу болса және өз еңбектерімен мемлекетіміз бен ұлтымыздың мүддесіне қызмет етіп, ұлтаралық келісімді сақтауға үлестерін қосса, мемлекетіміздің гүлденіп дамуына өздерінің септігін тигізеді деп кәміл сенемін.

**С. МЕДЕУОВ,**  
Ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаментінің кадр жұмысы және респонденттер мен әкімшілік дереккөздерге қатысты бақылау, құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы, Әдеп жөніндегі уәкілі.

**Жуырда Алматы қаласында Ауғанстандағы ұрыс қимылдарына қатысушылар - Александр Невский атындағы Қызыл Ту, жауынгерлік Қызыл Ту орденді 191-Нарва мотоатқыштар полкінің жауынгерлері кездесті. Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 35 жыл толуын кездесуге арқау еткен ауғандық ардагерлер ер етігімен от кешкен сұрапыл жылдарды еске алды.**

# ЕСЕНГЕЛДІНІҢ ЕРЛІГІ



Ауғандық ардагерлерді осы жолы тосын сый күтіп тұрды. 191-мотоатқыштар полкінің сол жылдардағы рота командирі, қазір отставкадағы генерал-полковник Ткачев Валерий Иванович Москвадағы архивтен алып Жүнісов Есенгелдінің ерлігін айғақтайтын сурет жіберіпті.

Ауғанстан. 1982 жыл. Панжер шатқалындағы операциядан кейінгі айшықты сәт. Суретте сол жақта тұрған Жүнісов Есенгелді. Жау тылында қалып, пәкістандық 6 дұшпанды жер жастандырып, екеуін қолға түсіріп, жорықтан 9 күн дегенде қайтып келген сәті. Екі тұтқын суреттің оң жағында жерде отыр.

-Сол жолы ротадағылар мені өлдіге санап қойған ғой. Қиындыққа толы сапардан олжалы оралдым. Взвод командирінің қаруластарыммен бірге қарсы алған сәті фотоаппарат объективіне ілініп қалыпты. Осы көрініс суретті көрген соң көз алдыма елестеді,-дейді Есенгелді Төлегенұлы.

Ауған соғысының ардагері,

Қазақстан ардагерлер қауымдастығының Құрметті азаматы, Қазақстан Ішкі істер министрлігінің Құрметті зейнеткері Есенгелді Жүнісов 1962 жылы 23 шілдеде Талдықорған облысы Сарқан ауданы (бұрынғы Бөрлітөбе ауданы) Көкжиде ауылында (бұрынғы "Прибалхаш" қой совхозы) қарапайым қазақ отбасында дүниеге келген. Әкесі Жүнісов Төлеген 1937 жылы сол өңірде дүниеге келіп, тракторшы (механизатор) болып жұмыс істейді. Анасы

Жүнісова Күлжан 1941 жылы туылып, Лепсі ауылында наубайханашы қызметін атқарады. Әкесі 2016 жылы сол өңірде көз жұмады.

Өзімен бірге отбасында 9 ағайынды: Амангелді, Есенгелді, Бибігүл, Жангелді, Нұргелді, Наргүл, Назигүл, Бейбіт, Алмагүл.

Есенгелді 1979 жылы Ерікті орта мектебін тәмамдаған соң, 1981 жылға дейін Көкжиде ауылында құрылысшы болып жұмыс істейді. 1981-83 жылдар аралығында арнайы мақсаттағы

бөлімшелердің бағдарламасы бойынша Ауғанстан мемлекетінде "жорық поштасы 39676" әскери бөлімінде қызмет етті.

Алғашқы жоғары білімін Алматы қаласында 1983-86 жылдары "Жоғарғы милиция мектебінде" алды. Жоғары білім алған соң 1986-1992 жылдар аралығында өзінің кіндік қаны тамған жер Бөрлітөбе ауданында Ішкі істер бөлімінде жұмыс істейді. 1992-1998 жылдары Талдықорған облыстық Ішкі істер басқармасында жұмыс істейді. Екінші жоғары білімін 2003 жылы "Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің" сырттай оқу бөлімінде "Қаржы" факультетін тәмамдайды. 1998 жылы милиция подполковнигі шенінде зейнетке шығып, Алматы облысының Талдықорған қаласында «Халық банк» инкассация филиалының директоры болып 2018 жылға дейін қызмет атқарды. Жары Жүнісова Гүлмира Серікқызы. Екеуінің ортақ екі ұл, бір қыздары бар. Үлкен ұлы Исатай, қызы Махаббат, кішісі Махамбет. Қазіргі таңда жұбайымен үш немересінің қызығын көріп жатыр.

## Журналистиканың қара нары



**Бөрлітөбе аудандық газетіне әдеби қызметкер болып орналасқан 1976 жылы алғаш танысқан адамым Болат Жұматаев еді. Осы газетке менен бір жыл бұрын келген Бөкең аудандық басылымның қыр-сырын меңгеріп қалған көрінеді. Лепсіде туып, №54 орта мектепті бітірген. Мектептен соң элеваторда жұмыс істеп, өмірге деген көзқарасы қалыптасып қалған азамат. Сол жылдары 21 жаста екен. Кейіннен сырттай оқып, КазГУ-дың журналистика факультетін бітірді де аудандық газетте бөлім меңгерушісі болды. Аудандық радиохабарларын жүргізді. Талдықорғанға қоныс аударып, бірқатар жекеменшік газеттерде, телеарналарда өзіндік ізін қалдырды. Өмірінің соңғы жылдары «Денсаулық» газетінің қызметкері болып, жазғандары еленіп, байқаулардан жүлделі орын алып жүретін. Пандемия кезінде дерт құрсауына түсіп, ауыр науқастан қайтыс болды.**

Болат Байғұлжаұлы өндірте жазатын журналистер сапынан еді. Қашан көрсең де кезекті сапардан кейінгі жолжазбасын машинкаға ежіктеп айтып отыратын. Аптасына 3 рет

шығатын газет нөмірі Жұматаевтың мақаласымен толығып, ажарланып тұратын. Сондықтан болар оқырмандар осынау қабілетті журналисті жетік таныды.

Бөкеңнің соңында зайыбы Нұрзия және 3 перзенті қалды. Балалары бұл күнде өмірден өз жолдарын тапқан салиқалы азаматтар.

Бөрлітөбедегі жылдарында бірте-бірте Бөкеңнің отбасымен таныстым. Жұматаевтар отбасы Лепсі станциясының жергілікті тұрғындары. Әкесі Байғұлжа Нұрғабұлұлы элеваторда күзетші болыпты. Анасы Батиха Қалидоллақызы Көтентөуіп атасының әруақтарының қолдауымен ауырып-сырқаған жандарды шипалы емдеп, халықтың алғысына бөленген көрінеді. Осы анамыздың қолынан шай ішіп, батасын алғанбыз.

Отбасының тұңғышы Клара Байғұлжақызы тұрмысқа шыққанша аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатында тігінші болған көрінеді. Бөкеңнің ағасы Серік Байғұлжаұлы Ленинградтың жоғарғы кәсіподақ мектебінің түлегі, біз көргенде аудандық мәдениет үйінде қызмет етті.

Қарындасы Күлпаш Байғұлжақызы мектеп бітірген соң аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің инспекторы, "Балқаш өңірі" газетінде аудандық радиохабарын ұйымдастырып жүргізуші, аудандық білім бөліміне қарасты жастар мен оқушылар сарайының әдіскері қызметтерін атқарды. Сонымен қатар аудандық мәдениет үйіндегі

вокалды аспаптар ансамблінде ән шырқауға уақыт табатын. Облыстық байқауларда жүлдемен оралып, Балқаш педагогикалық училищесінде оқып жүрсе де демалыс кездерінде аудандық балықшыларын үгітпоезы құрамында аралап, өнер көрсететін. Бүгінгі таңда Күлпаш Байғұлжақызы Жамбыл облысының Шу ауданында тұрады. "Үздік әдіскер", "Шу ауданына сіңірген еңбегі үшін" төсбелгілерінің иегері.

Гүлсара Байғұлжақызы СПТУ бітіріп заводта ауысым мастери қызметін абыроймен атқарды. Қанат Байғұлжаұлы Балқаш педучилищесін бітіріп, Ушинский атындағы орта мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болды. Ерік Байғұлжаұлы мәдени-ағарту училищесін тәмамдап, аудандық мәдениет үйінде қызмет етті.

Бөкеңнің соңында атын өшірмейтін ұлдары, немерелері қалды. Жұматаевтардың басқа балалары да ұрпақтан кенде емес. Клара апайы 7 ұлдан 20 немере, 12 шөбере сүйсе, Серік марқұмның соңында 5 ұл-қыздан өрбіген ұрпағы бар. Күлпаш 3 баласынан 7 немере сүйіп, Гүлсара егіз ұл-қызының тілеуін тілеп отыр. Қанаттың, Еріктің балалары да ата-аналарын жақсы бастамаларымен қуантып, тамыры терең бөйтеректің желек жайған жапырақтары сынды өсіп-өніп, көгеріп-көктеп келеді.

## Тегін білу - тектілік

Қолда бар деректерге сүйенер болсақ аңызға айналған Төлегетай бабамыз Найманның (Ақсопының) шөбересі. Аралары небәрі 3-ақ ата. Найманнан – Белгібай, одан – Сүйініш, одан – Төлегетай туады.

Төлегетай – аса белгілі тарихи тұлға. Арада қаншама ғасыр өтсе де есімінің ұрпақ жадында жаңғыруы, баба назарының сақталуы, оған тағзым еткен жұртшылық қатарының сиремеуі осыны айғақтаса керек. Біз осындай ұлы перзентті ұлықтағанда, Найман бабамыздың ұрпағын сақтап қалған Ақсұлу-Әлпеш анамыздың есімін жаңғыртпай тұра алмаймыз. Тарихтың ақжал толқындарында ұрпағын аман сақтап қалу үшін басын тауға да, тасқа да соққан ата-бабамызға мың тағзым.



### Өткеннің өнегесі

Тарихтан тамыр тартқан шежірелер, Шежіренің шертілер кезі келер. Тарихынан тұшынып оқыған ол, Қайран бабаларым деп тебіренер. Заманы жаугершілік, құйын майдан, Ұқанға хабар берер қиын жайдан. Төрт ұл да жау қолынан мерт болғасын, Ұрпақсыз қалар ма еді дүйім Найман?! Айырылып нас ұлынан, батырынан, Жүргенде жылу таппай жақынынан. Тұйықтан жол табылды шығатұғын, Ақсұлудай келіннің ақылынан. Тоқсанда тұлым көрген Найман ата, Жапырағын бейтеректей жайған ата. Белінен Белгібай боп тарады ұрпақ, Кекілін күнге өскен аймалата. Ақсұлу қайыспайтын келін-емен, (Шежіреден туар ма керім өлең?) Ұрпағын жалғайын деп, Белгібайға, Қосылды әмеңгерлік жолыменен. Сүйініш, Сүйініштен Төлегетай, Ақылы мен көркі бар төреге сай. Тарихтың қатпарында тұнып тұрған, Өткеннің бүгінгіге өнегесі-ай! О, Ана, Ақсұлудай заңғар ана! Тарихта ізің қалды таңбалана. Тіршіліктің нәрі де, нары да – ұрпақ, Алтын құрсақ анасыз жалғана ма? Ақиқат та осы енді, осы да аңыз, Шежіреге біз де кеп қосыламыз. Әйел деген ерекше жаратылыс! Адамзаттың анасы, досы да – Қыз! Аналық қайсарлық па, байсалдық па, Айналды қалың Найман

жайсаң жұртқа.

Ақсұлудың ғибратты сол ғұмырын, Кейінгіге үлгі етіп айта алдық па? Байлық та мұң, бұл күні тұрмыс та мұң, Сол деп ұғып жүрміз-ау ұл-қыз қамын. Бергей, Алла, бүгінгі қыз-келінге, Әлпеш ана ақылының бір мысқалын.

Сағыныш НАМАЗШАМОВА.



## Сарқан - Жаңақорған бағытына автобус жүреді

Дана халқымыз "Ас - аттынікі, той - тондынікі" дейді. Расында да Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында қыркүйектің 28-і күні болатын баба рухына бағышталған асқа жету үшін алдын ала көлік қамдаған ләзім. Осыны ескерген "Қанатжан и Ко" ЖШС директоры Жәлел Сасанбаев асқа баруға ниет білдіргендер үшін жағдайлы автобус бөлінетінін хабарлады.

Асқа бағыт алған арнайы автобус сапарға қыркүйектің 26-сы күні шығады. Сарқаннан, Ақсу ауданынан, Талдықорған қаласынан үлкен мақсат бастарын біріктірген ағайындар осы сапарда Арыстанбаб әулиенің басына түнеп, Қожа-Ахмет Яссауи кесенесіне зиярат етіп, бабамыз мәңгі қоныс тапқан Жаңақорған кентінде ауқымды іс-шараның ортасында болады, асқа қатысып, ел

көлеміндегі ағайындармен танысады.

Автобустың барып-келу шығыны бір адам үшін 22000 теңге. Сапарға ниет білдіргендердің аудандық автобекет кассасынан алдын ала билет алуына мүмкіндік бар.

Ортақ мақсат басымызды біріктірсін, ағайын!

Өз тілшіміз.

### Спорт

**Ағымдағы жылдың 22-26 мамыр күндері аралығында Перу мемлекеті Лима қаласында жасөспірімдер арасында ауыр атлетикадан Әлем чемпионаты өткен болатын. Әлемдік деңгейдегі дүбірлі додада 300-ге жуық спортшы бап пен бақ сынасып, үздік атануға ұмтылды. Осы сайыста жерлесіміз Ақжол Құрманбек 67 келі салмақта тұғыр биігінен көрініп, елге жүлдемен оралды.**

Бұған дейін жеті рет ел чемпионатын ұтып, кейбір салмақтар бойынша рекорд орнатқан жасөрен болашағынан үлкен үміт күттіретінін талай мәрте сүйіншілеп жазған болатынбыз.

## Өзіміздің "Илья" өсіп келеді



2010 жылдан бері аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде ауыр атлетикаға балғындарды баулып жүрген Ақжолдың жаттықтырушысы Нұрболат Жаманқыз. -Еліміз бен Перу мемлекетіндегі 10 сағаттық уақыт айырмашылығы үлкен кедергі болды. Ағзаға бір күндік адаптация яғни бейімделу өте аз уақыт. Дегенмен бұдан үлкен жеңістер алда деген үмітіміз зор. Және сол мақсат

жолында аянбай тер төгіп жатырмыз.

Жас чемпионды туған-туысқандары, аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымы, қалың көпшілік салтанатпен қарсы алып, көкке көтерді. Жұртшылық ақ тілегін ақтарып, қуаныш құтты болсын десті.

**Алла тіл-көзден аман етсе, Ақжол әлі-ақ Олимп шыңын бағындыратын болады. Ақжол спорттың ең үлкен дүниежүзілік достасы – Олимпиадаға апаратын ақ жолына қадам басқандай. Өзіміздің «Илья Ильин» өсіп келе жатқандай. Көңілдің күйі күмбірлеп, қуаныштың өні қалықтаған шат шадыман сәттен көпшілік осындай толғаныспен қайтты.**

Партия ЖЕҢІСХАН.



Жарыстың үшінші күнінде жерлесіміз Ақжол Құрманбек серпе көтеруден 129 келі, жұлқа көтеруден 156 келіні бағындырып, қос сайыс қорытындысында күміс еншіледі. Жұлқа көтеруде алтыннан алқа

тағынғанымен, қорытындысы 285 келі болып, қос сайыста 286 көтерген египеттік Ақжолымыздың алдын орап кеткен.

-Жалпы, алтын алатындығымызға зор сеніммен барған болатынбыз,-дейді

## Жарқын болашақ балабақшадан бастау алады



Иә, өмірге шыр етіп келген нәресте әр шаңырақтың баға жетпес құнды байлығы. Әр бала бақытты болуға лайықты деп бекер айтылмаған ғой. Ендеше бауыр еті балаларының келешек өміріне алаңдаған әр ата – ана балаларының жақсы тәрбие алып, болашақта егемен еліміздің іргесін мықтап қалап, ат тізгінін ұстай алатын азамат пен азаматша болуын арман етеді емес пе?! Осындай ниетпен өз балапандарын Сарқан қаласындағы "Балдырған" бөбекжай бақшасына зор

сеніммен тапсырған ата – аналар бүгінгі таңда «Тұлпар» мектепалды даярлық тобында тәрбиеленіп, өз бойларындағы таланттары мен дарындылықтарын паш ете білген бүлдіршіндерін көріп, риза сезімде болдым. Тәрбиешілері Жидебаева Гүлзира Әмірханқызы мен Мергембаева Жанар Күләнқызы өз мамандықтарының майталмандары деп айтсақ артық болмас еді. Балабақшадағы тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы. Француз жазушысы Жан – Жак Руссо «Бала туғанда ақ қағаздай болып

таза туады, оның үстіне шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді, - дегендей біздің тәрбиешілер әр баланың тәрбиесіне баса назар аударып отырады.

Олар жаңартылған білім деңгейі негізінде әр сабақтарын зор дайындықпен өткізіп, бала бойындағы ерекше қабілеттерін айқындай біледі. Өткізілген «Қош бол, балабақша» атты ертеңгілікте біз балалардың бойынан адалдық пен мейірбандылықты, береке – бірлікті, имандылық пен сыйласымдылықты және өн мен биге деген құштарлықтарын көріп, тәрбиешілердің ерен еңбегіне басымызды идік.

Тәрбиешілердің ұстанымы – өз жүрек қалауымен таңдаған тәрбиеші мамандықтарын сүйе біліп, өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарағандықтары көрініп тұрды.

"Балдырған" бөбекжай бақшасының ұжымына біз, ата – аналар өте ризамыз. Мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері Жидебаева Гүлзира Әмірханқызы мен Мергембаева Жанар Күләнқызына мықты денсаулық тілей отыра, жаһандану теңізіне желкенін жайған мемлекетіміздің ертеңгі күні алға басытын, мықты ескері болатын балабақша бүлдіршіндерін тәрбиелеуде, оқу – білім қайнарымен сусындататын абыройлы мамандықтарыңыздың жемісін жеп, биіктен көріне берулеріңізге тілектеспін.

**Рымжан КАМЕНОВА,**  
**«Тұлпар» мектепалды даярлық тобының ата – анасы.**

Сарқанымыздың «Балдырған» бөбек-жай бақшасының тәрбиешілері ерекше жандар. Бала бақшаның әрбір мерекелік кештері өте жоғары деңгейде өтеді. Әрбір мерекелік іс-шара кереметтей безендіріледі. Қызметкерлері таңертең мекемеге келгенде балабақша ажарланып кеткендей болады. Мұнда тәртіпке, дұрыс тамақтану режиміне, балалардың әр түрлі деңгейде білім алуына барлық жағдайлар жасалынған.

«Еркетай» тобының тәрбиешілері Тоқанова Мақпал, Туребекова Нурсипат апайларымыз әртүрлі жарыстарға, спорттық ойындарға балдырғандарды белсене қатыстырады. Балабақшаішілік «Балдырған жұлдызы» атты ән-би байқауына бұл топ қатысып, бас жүлдемен марапатталды. "Еркетай" тобы Тойшибекова Шолпан Қанатқызының ұйымдастыруымен Алматы қаласындағы VIII Республикалық «Жарық Жұлдыз» балалар өнер байқауына қатысты. Олар «ART DANCE» атты би фестивалінде өнер көрсеткені үшін II орынмен марапатталды. Ақсу ауданының орталығы Жансүгір ауылында өткен «ДО-РЕ-МИ» атты балалар биінен халықаралық байқауға қатысып, III



## Ерен еңбектеріне айрықша алғыс

орын иеленді.

Әр баланың көңілін табатын, біздің балаларымыздың екінші анасы - осы сүйікті апайларымыз. Тәрбиеші еңбегі-нің қаншалықты ауыр, маңызды және баға жетпес екенін түсінгеніміз абзал. Балапандарымызды трендтен қалдырмай, бейнекерініс жасап, әр балаға жылы сөзін аямайтын тәрбиешілерге мың алғыс.

Менің қызым еркетотай, сол

қызымның мінезін, қылығын көтеріп жүретін апайларымызға қалайша риза болмасқа! Әрдайым жандарынан табылып, балапандарымыздың жан-жақты дамуына, өскелең ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз еңбек сіңіргендері үшін алғыс білдіреміз.

**Ізгі ниет білдіруші: «Еркетай» тобының тәрбиеленушісі Аянқызы Алуаның ата-анасы.**

## Аттанайық, бала шақтан болашаққа

Балғын балалардың есінде ерекше сақталып, үлкен өмірге дайындайтын білімнің баспалдағы - бастауышпен қоштасатын кез де келді.

Күні кеше ғана тұлымдары желбіреп, жүректері лүпілдеп, мектеп табалдырығын қуана аттаған ұл-қыздарымыз, бүгінде бойлары өсіп, ойлары толысып, жүректері алып-ұшып бастауыштың алғашқы қадамын бітіріп, орта буынға өтпекші.

Бастауыш сыныпта балалық шақтың небір қызықты да, қуанышқа бөлейтін сәттері өтеді. Алғаш қолдарына қалам ұстатып, оқу мен жазуды үйреткен ұстаздарын да есіне мәңгі сақтайды.

Аңсаған армандарына жетелейтін, қиялына қанат бітіретін ғажайып өмірдің



ең қымбат кезі – бал күлкілі балалық шағыңнан басталмай ма...

Міне, бүгінгі менің оқушыларым, өмірлеріне керемет із қалдырған бастауыш сыныбымен қоштасқалы тұрған менің 6-шы түлектерім! Әрбір қанаттанып ұшқан түлектерімнің орны мен үшін бөлек. Осы жолда баласы үшін қолынан келгенін

аямаған, мөпелеп өсірген балалықтың шалалығын кешірген ата-аналардың орны бір бөлек. Әр сәтте шәкірттерімен бірге қуанып, әрқайсысының жүрегінен жол тауып, ерінбей қалам ұстауға үйрететін алғашқы ұстаздың еңбегі зор.

Ендеше, алдымдағы өзіндік орны бар 6-шы түлектеріме жүрек жарды, ізгі тілектер мен алғыстарына шын көңілден ризашылығымды білдіріп, жаңа қадамдарына сәттілік тілеймін!

**Э. АСЫЛБЕКОВА,**  
**М.Мәметова атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі.**

## Білім негізі - бастауышта

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп қазіргі қоғамның дамуымен, әлеуметтік практикамен тығыз байланысты. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады.

Тәрбиенің сан салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – бастауыш мектеп. Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Келешекте жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Сондықтан, оның сипаты мен мазмұны, оқытудың әдістері мен формалары қазіргі жағдайда жан-жақты талданып отыр. Өйткені, баланың жеке бас қасиеттері, оның адамгершілігінің, белсенділігінің қалыптасуы мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныптарда жүзеге аспақ. Оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. Ендеше, осы міндеттерді жүзеге асыратын басты тұлға – Ұстаз. Тек мықты ұстаз ғана осындай ауыр жүкті алып жүре алады.

Халқымыз әрқашан да ұстаз мәртебесін көтеріп, аса жоғары қастерлеп, бағалаған. Ұлы ойшылымыз Абай «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» десе, чехтің белгілі педагогы Я.А.Коменский: «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі» деп ұстаздар қауымын жоғары бағалаған.

Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы. Бүгінгі мұғалім кіші мектеп оқушыларына тек білім беріп қана қоймай, оларды халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындату, әрбір оқушы бойында ұлттық мінез-құлық, адамгершілік, сыпайылық пен кішіпейілділік қасиеттерін қалыптастыруға, баланың жан дүниесін рухани қазыналармен байытуға, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін меңгертуге тиіс.

**Ақмарал БАЙЗЫҚАНОВА,**  
**Шатырбай орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.**

**Сарқан ауданының  
Полиция бөлімінің көші  
– қон қызметі тобымен  
2024 жылғы іздеуде  
жүрген борышкерлер  
және туыстық қарым  
– қатынасы үзілген  
тұлғалар есебіндегі  
азаматтар тізімі**

ҚР азаматы  
**Байгелов  
Кайратжан Са-  
бетжанович**  
06.11.1978 ж.т.,  
Алматы облысының ту-  
масы. Іздеу ісі: №  
211960036002 ж.



Соңғы тіркеу-  
дегі мекен жайы: Жетісу облысы,  
Талдықорған қаласы, Еркін ауылы,  
Бесшатыр көшесі №5 үй.

ҚР азаматы  
**Айтманов Ма-  
нас Курбаналие-  
вич** 31.08.1965  
ж.т., Өзбекстан  
Республикасының  
тумасы, Іздеу ісі:  
№201930036005  
02.12.2020 ж.



Соңғы тіркеудегі мекен жайы: Алма-  
ты қаласы, Алатау ауданы,  
Шанырақ-2, №9 үй

ҚР азаматы  
**Булгенов Кай-  
рат Кудайбере-  
нович** 01.05.1981  
ж.т., Жетісу об-  
лысы, Сарқан  
ауданы, Сарқан  
қаласының ту-  
масы, Іздеу ісі:  
№22196003460002 26.11.2021 ж.



Соңғы тіркеудегі мекен жайы:  
Жетісу облысы, Сарқан ауданы,  
Қойлық ауылы, Уалиханова көшесі,  
№196 үй.

ҚР азаматы ҚР  
азаматы **Канарс-  
кая Александра  
Владиславов-  
на** 15.12.1990  
ж.т., Өзбекстан  
Республикасының  
тумасы  
Іздеу ісі: №  
2333480344000002 07.12.2023 ж.



Соңғы тіркеудегі мекен жайы:  
Жетісу облысы, Талдықорған  
қаласы, Центральная көшесі №45  
үй.

**Жоғарыда көрсетілген мәлі-  
меттер бойынша борыш-  
кердің жүрген жері анықталған  
жағдайда ақпаратты Жетісу  
облысы ПД Сарқан ауданының  
ПБ Көші-қон қызметі то-  
бына, байланыс телефон  
нөмерлері арқылы 8(72839)  
2-10-02, 87758083689 хабар  
берулеріңізді сұраймыз. Алдын  
ала жәрдем бергендеріңіз үшін  
өз алғысымызды білдіреміз!**

**А.СМАЙЛХАНОВА,  
Сарқан АПБ көші-қон аға  
инспекторы,  
полиция майоры.**

## Жоңғар Алатауының климаттық жағдайы

Жоңғар Алатауында климат күрт континенталды. Климаттың негізгі белгілері тік зоналылықтың көрінісімен анықталады. Таулы аймақтарда климаттық сипаттамалар жердің биіктігіне, рельефіне және атмосфералық жауын-шашынның, температура мен ылғалдылықтың дифференциациясының ерекшеліктеріне байланысты. Таужотасының кеңеюі, мұздықтар мен қар массаларының жақындығы, солтүстік экспозицияның беткейлерінен оңтүстікке, асулардан шыңдар мен жоталарға өтуі температуралық режимнің өзгеруіне үлкен әсер етеді.

Таулы жерлерде абсолютті биіктік жоғарылаған сайын ауа температурасы әр жүз метр көтерілу кезінде шамамен 0,6°C есе градусқа төмендейді. Ауаның жылдық температурасы 6-7°C құрайды, ал шамамен 2500 м биіктікте -1°C жақын. Жылдың ең суық айы-қаңтар, күндіз ауа температурасы -5° тан -10°C ге дейін қамтиды, түнгі уақытта -15° тан -20° жетеді. Ерекше суық айларда, күндізгі температура тау бөктерлерінде -40° дейін, ал тауда -36,1° дейін төмендеуі мүмкін. Алғашқы аяздар тамыз-қыркүйек айларында, соңғысы мамырда және маусымның басында болады. Тау бөктеріндегі жаз ыстық, құрғақ, ауа-райы ашық; ең ыстық айдың (шілденің) орташа айлық температурасы +22°ден +28° дейін. Тауларда жаз салқын, күндіз ауа температура-

сы +10° нан +15° дейін барады. Ерекше ыстық айларда, тау бөктерлерінде күндізгі температура +40°, тауларда +30,2° жетуі мүмкін. Орташа таулы аймақтағы жылы кезеңнің ұзақтығы 6-7 ай, ал 3000-3300м биіктікте – 1,5-2 ай.

Жыл мезгілдеріне сәйкес аумақта жауын-шашын біркелкі жаумайды: жылы мезгілде аласа таулы аймақта жылдық жауын – шашынның 45-50% түседі, орта таулы белдеуде ол 70% - ға дейін артады, ал биік таулы аймақтарда ол біршама азаяды. Тауларда қатты жауын-шашын сәуір-мамыр-маусым айларында, ал ең азы желтоқсан-қаңтар айларында түседі. Қар жамылғысының пайда болуы қазан айының басында, ал таулы жерлерде – қыркүйекте байқалады. Тұрақты қар жамылғысы қазан айының аяғында – қарашаның басында пайда болады және қыстың соңына дейін созылады, орташа биіктігі 50 см-ден аспайды. Тауларда тұрақты қар жамылғысының пайда болу ұзақтығы биіктікке қарай артады: аласа таулы аймақта бұл 130-150 күн, орта таулы белдеуде – 160-180 күн, биік таулы аймақта – 200 күннен асады. Биік таулардың шыңдарында қар жыл бойы сақталып, фирн өрістері мен мұздықтарын құрайды.

**К. БАЛТАБЕКОВ,  
"Жоңғар Алатауы" МҰТП  
ғылыми қызметкері.**

## Аудан тұрғындарының назарына!

Малды бақылаусыз жаюдың әсерінен жануарлардың тас жолға шығуы қайғылы жағдайға әкеліп, жолкөлік оқиғаларының орын алуы мүмкін.

Осындай жол-көлік оқиғаларының алдын алу және болдырмау мақсатында уәкілетті органдар тарапынан профилактикалық жұмыстар да жүргізіледі.

Алматы облыстық мәслихатының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 64-340 шешіміне сәйкес, облыс аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бекіту туралы ереже әзірленген.

Аталған ереже негізінде, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің 408-бабының талаптарына сәйкес, қараусыз жайылып жүрген ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне қатысты әкімшілік жазалар қолданылады.

Осы себепті ірі қара мал иелеріне жануарларды бақылаусыз жаюға жол бермеу туралы ескертеміз. Үй жануарларының иелеріне жануарларды жаю, сондай-ақ оларды арнайы белгіленген орындардан тыс автомобиль жолдары арқылы айдап өту үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығын естеріңізге саламыз.

Жүргізушілер, өз кезегінде, тәуліктің түнгі уақытында елді мекендердің жанында, тиісті белгілер орнатылған жерлерде ерекше қырағы болып, жылдамдық режимін сақтауы қажет.

**Аудандық ауыл шаруашылығы  
және жер қатынастары бөлімі.**

## Как оформить пенсионные выплаты из ЕНПФ по возрасту, инвалидности и добровольным пенсионным взносам?

Лица, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, сформированные за счёт обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), и достигшие общеустановленного пенсионного возраста, а также лица с инвалидностью первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно, имеют право на получение пенсионных выплат из ЕНПФ по установленному графику.

Для назначения пенсионных выплат из ЕНПФ за счет обязательных видов пенсионных взносов в связи с достижением пенсионного возраста, а также назначения базовой и солидарной пенсии из государственного бюджета получателям необходимо своевременно обращаться в Государственную корпорацию «Правительство для граждан» (ЦОН) по месту жительства. Напомним, что в 2024 году пенсию по возрасту могут получать лица, достигшие общеустановленного пенсионного возраста: мужчины по достижении 63 лет, женщины по достижении 61 года. Все виды пенсионных выплат производятся со дня обращения. При этом днём обращения считается день регистрации заявления и необходимых документов в ЦОНе (при условии, если получатель достиг пенсионного возраста, в противном случае - днем обращения считается день достижения пенсионного возраста). В этой связи настоятельно рекомендуем своевременно обращаться с заявлением в ЦОН, так как это особенно важно для получения выплат из бюджета, для назначения которых требуется проверка трудового стажа по представленным получателем документам.

Кроме того, обращаем внимание, что будущим пенсионерам (потенциальным получателям), чьи номера телефонов зарегистрированы в базе мобильных граждан egov, с номера 1414 за 2 меся-

ца до достижения пенсионного возраста направляется SMS-уведомление о возможности своевременного обращения в ближайшее отделение Государственной корпорации для получения услуг по назначению пенсионных выплат со ссылкой на перечень документов на сайте egov.kz. То есть государственными органами для оформления пенсионных выплат в предусмотренные сроки осуществляется рассылка соответствующих уведомлений, так как за пропущенный период выплаты не назначаются.

Также стоит отметить, что в целях оказания проактивной услуги по осуществлению пенсионных выплат из ЕНПФ лицам, достигшим пенсионного возраста, имеющим пенсионные накопления в ЕНПФ и не обратившимся за их выплатами, ЕНПФ проводит ежегодную сверку совместно с Государственной корпорацией на предмет наличия у данных граждан назначенных пенсионных выплат по возрасту и государственной базовой пенсионной выплаты за счет бюджетных средств. По результатам ежегодной сверки при выявлении лиц, у которых имеются назначенные пенсионные выплаты за счет бюджетных средств, ЕНПФ осуществляет им пенсионные выплаты в рамках соответствующего соглашения, заключенного с Государственной корпорацией, т.е. беззаявительно.

За выплатой в связи с установлением инвалидности первой или второй группы бессрочно необходимо обращаться в подразделения ЕНПФ либо через личный кабинет на сайте ЕНПФ (enpf.kz) или в мобильном приложении ЕНПФ с использованием электронной цифровой подписи.

Обращаем внимание, что в ЕНПФ для лиц с инвалидностью первой или второй группы, установленной бессрочно, организовано выездное обслуживание. При



этом осуществляется предварительная консультация, в том числе проверка на возможность получения услуг дистанционно, без выезда.

Заявление на получение выплат за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ) также подается в ЕНПФ: в онлайн-формате в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении ЕНПФ, а также в любом подразделении Фонда. Напомним, что получение пенсионных выплат за счет ДПВ, возможно начиная с 50 лет, то есть до наступления общеустановленного пенсионного возраста. Кроме того, выплаты за счет ДПВ осуществляются лицам с инвалидностью, а также выехавшим на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан иностранцам и лицам без гражданства, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан и международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан.

Следует отметить, что пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений.

На сайте enpf.kz в разделе «Услуги – Получателем» размещен перечень необходимых документов в зависимости от пенсионных выплат, способа их подачи, требования к их оформлению, бланки заявлений и образцы их заполнения, образец доверенности. В разделе «Электронные сервисы» есть возможность предварительной проверки направляемых документов на пенсионные выплаты из ЕНПФ.

Консультационные услуги ЕНПФ можно получить посредством мессенджеров (чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18), call-центра по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), на корпоративном сайте enpf.kz, а также на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники.



## Балалардың жазғы демалысы – маңызды мәселе

**Тағы бір оқу жылы аяқталып, мектеп оқушылары жазғы демалысқа шықты. Осы орайда балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытында балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына, көңіл көкжиектерінің кеңейуіне, танымдарының, шығармашылық және қоғамшылдық белсенділігін арттыруға, денсаулықтарын нығайтуға жағдай жасау мақсатында оқушылар үшін қала сыртындағы және мектеп жанындағы сауықтыру ұйымдарының жазғы сауықтыру ауысымдары ашылады.**

Аудандық білім бөлімі берген мәліметтер бойынша ағымдағы жылдың жазғы кезеңінде 1-10 сынып аралығындағы 6898 оқушыны түрлі іс-шараға қамту жоспарлануда.

Оқушылардың демалысын және сауықтыруын ұйымдастыру мақсатында жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан 600 оқушыны 39 000 000 теңге қаражат мөлшеріне қала сыртындағы лагерьлерге демалдыру қарастырылуда.

Сондай-ақ мектеп жанындағы жазғы алаңдарға 5259 бала және өз бетінше және ата-аналарымен бірге ұйымдастырылатын басқа да сауықтыру түрлеріне (профилактории, санатории) - 325 баланы қамту жоспарлануда.

Оқушылардың демалысы мен сауықтыруын ұйымдастыру іс-шараларына 6898 баланы қамту жоспарланды және ол 100 % құрады.

Оқушыларды түрлі шараларға қамту ұйымдастырылмақ. Оның ішінде мектеп жанындағы спорттық шараларға – 800 бала, танымдық туристік жорықтарға –

2000 бала, мектеп жанындағы жазғы тіл үйрену мектебіне – 600 баланы қамту көзделуде.

Сонымен қатар арнайы категориядағы оқушыларды сауықтыру мен демалысқа және түрлі шараларға қамтуды ұйымдастыру бар. Жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған және патронаттық тәрбиедегі, аз қамтылған және көпбалалы, толық емес отбасы, оқу үздіктері, түрлі интеллектуалды байқау мен олимпиада жеңімпаздары, түрлі шығармашылық байқаулар мен фестиваль жеңімпаздары, спорттық жарыстардың жеңімпаздары, АІБ есебіне тіркелген, мектепшілік бақылауға алынған және сәтсіз отбасы категорияларына жататын 2771 баланың 2717-сін түрлі шараларға қамту жоспарлануда. Ол пайызға шаққанда 98,01% құрайды.

Ауыл мектептерінің балалары мен дарынды оқушыларына жазғы маусым – шілде айларында 120 оқушыға арнайы республикалық жолдамалар бөлініп, балалар «Достық КЕМП» жазғы сауықтыру орталығына барып демалмақ.

Облысы көлемінде Талдықорған қалалық орталық бассейнге саяхат, І.Жансүгіров атындағы музей, Ақсу ауданындағы әйгілі Тамшыбұлаққа, сол өңірдегі Ақын Сара мұражайына, айдынды Алакөл көліне, Балқаш көліне бір күндік саяхаттарға ауданның 400 баласы қамту жоспары құрылды.

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан 39 000 000 теңге көлемінде қаражат жоспарланған.

Өз тілшіміз.



## Развитие техники чтения в начальной школе

Развитие техники чтения – одна из главных задач обучения младших школьников. Работа над этой темой стала для меня одной из главных, так как современная начальная школа для читающего ребенка. В сельской местности-это большая проблема: из 20 первоклассников (в прошлом учебном году) умел читать по слогам один, и едва соединять слоги-двое. Если ученик хорошо научился читать в период обучения грамоте, то он и в коллективе класса занимает заметное место, верит в свои силы.

И наоборот, если ребенок не овладел чтением, он чувствует какую-то ущербность, теряет веру в свои силы, способность успешно учиться и в коллективе класса находится в тени. Морально он будет переживать свой недостаток и не сможет полностью реализовать в школе свои способности. Ребенок, который не умеет читать, будет испытывать большие затруднения при выполнении домашних заданий. Ему будет не интересно на уроках, он будет неусидчив, он не будет посещать библиотеку, потому что читать книги при низкой технике чтения – это не столько удовольствие, сколько мука.

Многие родители пытаются помочь своим детям научиться чтению, учат как могут. Желание родителей понятное и похвальное, но очень важно при обучении чтению не допустить ошибок, которые потребуются потом исправлять переучиванием.

Типичные ошибки, осложняющие навыки чтения: 1) Изучение алфавитных названий букв. Правильно будет обучать детей называть буквы звуками: не БЭ, МЭ, ША, ЭР, а коротко Б, М, Ш, Р, в противном случае затрудняется: навык слияния букв в слоги. Ребенок вместо МАМА читает МЭАМЭА Легко ли ребёнку расшифровать такое слово? Конечно же, смысл прочитанного при чтении по буквам часто остаётся для ребёнка непонятным, а сам процесс чтения утомительным и безынтересным. 2) Неправильное обучение слиянию букв в слоги и чтению слогов и слов;

Неправильный подход при обучении: - М и А будет МА. - побуквенное чтение: М, А, М, А. - прочитывание глазами, а затем произнесение слов или фраз, не глядя в книгу.

**Правильное обучение навыкам чтения.** Ребёнок тянет первый звук до тех пор, пока не дойдет до второго: МММА – МММА; СССРК; РРРАК.

Основной причиной возникновения нарушений чтения и письма многие исследователи считают недостаток произношения детей, которые сопровождаются недоразвитием процессов фонемообразования, поэтому, важно с 5 лет посещать занятия логопеда, не ждаты, когда ребенок заговорит правильно.

Многолетний опыт учителей показывает, что дети продолжают хорошо учиться в старших классах, если начальную школу они закончили, имея навык чтения 120–150 слов. Надо отметить, что скорость чтения является самым важным фактором из числа оказывающих влияние на успеваемость.

Большинству учеников вполне доступна скорость чтения 120 слов в минуту. Как же добиться этой оптимальной скорости чтения, какие резервы обучения можно использовать?

Я познакомилась и стараюсь применять несколько видов работ по развитию навыков чтения. 1. Важна не длительность, а частота тренировочных упражнений. Упражнения должны проводиться ежедневно, через определенные промежутки времени. 2. Жужжащее чтение. Это чтение, когда все ученики читают одновременно вслух, вполголоса, чтобы не мешать товарищам, каждый со своей скоростью, кто-то быстрее, а кто-то медленнее. 3. Ежеурочные пятиминутки чтения. У каждого ребенка своя книга и любой урок начинается с того, что дети открывают книгу и 5 минут читают в режиме жужжащего чтения. Затем дети закрывают книгу и продолжается урок.

**Г.КАНАБЕКОВА,**

учитель русского языка и литературы Бирликской средней школы.

### Хабарландыру/Объявление

**Жоғары сападағы пескоблоктар, бағасы 210 теңге. Пескоблоки отличного качества, цена за ед. 210 т. Обращаться тел. 8778 2662929.**

► **Баярстанов Мажит Естаевичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Шатырбай ауылы, Шыныбек Нугманов көшесі №37 А үйдің 3432 ш.м көлемді жерінің кадастрлық нөмірі 24-263-033-465 жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Сыдықов Жексембай Абдильмановичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Шатырбай ауылы, Әуезов көшесі №24 үйдің 1234 ш.м көлемді жерінің (кадастрлық нөмірі 03-263-033-289, жеке меншікке құқық беру акті №1150438) жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі және өзге де құжаттар жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Жайлыбаев Асхат Копжасаровичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Пограничник ауылы аумағында орналасқан 93,6 га көлемді жайылымдық жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-016-182) уақытша (ұзақ мерзімге, қысқа мерзімге) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Сасанбаева Салтанат Оразбековнаның** атына тіркелген Сарқан ауданы, Алмалы ауылдық округі, Абай ауылы, Рашат Досжанов көшесі №4 үйдің (кадастрлық нөмірі 03-263-037:336:1), Абай ауылы, Рашат Досжанов көшесі №4 А үйдің (кадастрлық нөмірі 03-263-037:337) және Сарқан ауданы, Сарқан қаласы Әйтеке би көшесі №3 үйдің (кадастрлық нөмірі 03-267-004-571) тұрақты жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актілері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.